



Уахит ШӘЛЕКЕНОВ,

тарих ғылымының докторы, профессор,

Қарақалпақ Республикасының тарих ғылымына еңбек сіңірген қайраткері:

«КӨП БІЛЕМІЗ – КӨП СӨЙЛЕЙМІЗ» ДЕГЕН ЕДІ

– Уахит аға, ұстазыңыз Әлкей Хақанұлы Марғұланмен қалай танысқан едіңіз?

– Мен бала кезімде дәм айдап барған Қарақалпақстанда ержеттім. 1953-1970 жылдары Өзбекстан Ғылым академиясының Қарақалпақ бөлімшесінде қызмет етіп жүргенімде Әмударияның төменгі алқаптарын мекендеген қазақтардың тарихы мен этнографиясын зерттедім. Бұл бұрын-соңды зерттелмеген тың тақырып болғандықтан, докторлық диссертация ретінде қорғау үшін басшылық мені Қазақстанға жіберді. 1964 жылы Мәскеуде өткен IV антропологиялық және этнографиялық дүниежүзілік конгресте Әлкей Марғұланмен алғаш кездесудің сәті түскен болатын. Ал 1967 жылы Алматыда докторлық диссертациямды қорғаған кезде Әлкей ресми оппонентім болды.

Сол жылы ұстазым Хорезм жеріндегі ескерткіштерді көргісі келетінін

айтып, Өзбекстан ҒА Қарақалпақ бөлімшесінің басшысы, академик Сабыр Қамалов екеуіміз Әлкей Хорезмдегі тарихи ескерткіштерді көрсетіп шықтық. Сонда «Бұл ескерткіштер жайлы әдебиеттерден оқысам да, көзбен көргендей болмайды екен», – деп балаша қуанған ғалымның ежелгі қалалар туралы соншалықты көп білетіндігіне таңғалғанмын.

– Ұстазыңызбен қандай да бір археологиялық қазба жұмыстарын бірге жүргізген кезіңіз болды ма?

– Мен 1970 жылы Шымкент педагогика-мәдениет институтына ауыстым. Содан бастап Әлкеймен археологиялық экспедицияларға шығып, түзде қатар жұмыс істедім. 1973 жылы ұстазым Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясына қатысуға шақырды. Шымкенттен шығып, Қаратаудың батыс етегін жағалап, Созақ ауданындағы Шолаққорғанның үстімен Бетпақдаланы басып өтіп, Жезқазған қаласында азем аялдап, археологиялық қазба жұмыстары жүретін Ұлытауға жеттік. Сонда Әлкейнің бұл өлкеңіз

ой-қырын, кешегісі мен бүгінгісі, тіпті ауылдары мен адамдары да жете білетіндігіне қайран қалғанмын. Осы сапарымызда мен Бетпақдаладағы «Таңбалы тас», Ұлытаудағы Жошы хан күмбезі, «Хан ордасы», Едіге тауы т.б. ескерткіштерді көріп, бұлар жөнінде ұстазымнан көп мағлұмат алдым. Сол жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде Археология және этнология кафедрасы ашылып, сонда бардым. Кейін кафедра меңгерушісі болып тағайындалдым. Жаңадан ашылған кафедра, оның үстіне, археология және этнология пәндері бұрын жөнді оқытылмаған. Осы қиындықтарды жеңу барысында Әлкей Хақанұлымен жиі-жиі кеңесу қажеттілікке айналды. Ғұлама ақыл-кеңесін аяған жоқ. Сол арқылы ісіміз алға басты.

– Ұстазыңыздың қандай қасиеттері ерекше тәнті ететін?

– Бір ғылыми форумда Әлкей көсіліп ұзақ сөйледі. Жиын аяқталғаннан кейін тыңдаушылардың бірі Әлкейге: «Көп сөйледіңіз», – дегенде, ұстазым жұлып алғандай: «Көп

білеміз – көп сөйлейміз», – деп жымыған еді. Расымен де, Әлкей Хақанұлы ұшан-теңіз білімнің иесі болатын.

Сосын мен күн сайын сағат 17.00-де Әлкейнің үйіне баратынмын. Екеуіміз Кіші Алматы өзенінің бойымен серуендеп, ғылым жайын сөз ететінбіз. Барған сайын үнемі Әлкейнің жазу жазып отыратынын көремін. Жазғандарын бөлек-бөлек папкаға салып, үстел үстіне жинап қояды. Бір күні Әлкейге: «Қолжазбаңыздың көлемі ұлғайып барады. Бәрін кітап етіп шығармайсыз ба?» – деп едім: «Уаха, менің оларды басып шығаратын уақытым жоқ. Білгендерімді қағаз бетіне түсіріп кетуім керек. Кейін өздерің кітап етіп шығарасыңдар», – деді. Ғұламаның бұл сөзіне сол кезде мән бермеппін. Сөйтсем, Әлкей жасы келіп қалған соң, жылдар бойы жиған рухани байлығын сүйікті халқына жазып қалдыруды мақсат тұтып, кейінгі ұрпақтарына зор сенім артқан екен ғой. Иә, ғұлама ғалымның жарық көрген ғылыми еңбектерімен қатар, қолжазбалары да өте көп. Ғылымға жанашыр азаматтар осыны білсе екен.

Сұхбаттасқан
Руслан БАҚЫТЖАН



Экспедицияда. Ортада археологтар Ә.Марғұлан мен У.Шәлекенов